

Прасол Светлана Дмитриевна

Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс

магистранты, п.ғ.д., профессор Молдабек Қ.

Шымкент, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ДАМУДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКА РОЛІ

Қай заманда, қандай қоғамда болсын алдында тұрған зор міндеттердің бірі - болашақ ұрпағын тәрбиелеу. Жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуді әр халықтың салт-дәстүрі мен дамуындағы бағалы байлықтың бірін - біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Басқа халықтар сияқты қазақ елінің де ұрпақ тәрбиелеуде мол тәжірибесі, жиған-тергені, озық ойлары мен өзіндік ерекшеліктері бар. Осындай мол мұраның «дәнегін мәпелеп екпейінше» жастарды игілік пен парасаттылыққа тәрбиелеу мүмкін емес.

Халықтың жазбаша жазылмаған, бірақ ұрпақ есінде сақталып, бір ұрпақтан бір ұрпаққа ауызша жалғасып келген нақыл-өсиет, өнеге қағида болып таралып келген тәлім-тәрбие тағылымынын бай мұрасы бар, ол халықтық педагогика деп аталады. Халықтық педагогика отбасылық тәрбиеден басталып, ел-жұрт, ауыл-аймақ, тіпті бүкіл халықтың қарым – қатынасынан берік орын алған тәлім-тәрбиенің түрі. Ендеше халық педагогикасы қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, тәжірибеде жүйеленіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиенің қайнар көзі, алтын дінгегі болып келгені даусыз. Міне, сол себептен де халық, педагогикасы мен ғылыми педагогиканың өзара сабақтастығы және ұстанымдық – идеялық үндестігі туындайды. Бүгінгі ғылыми педагогика халық педагогикасынан бастау алып, оны ғылыми теориялар тұрғысынан жан-жақты зерттеп, өз керегіне пайдалануда.

Әр халықтың, қалыптасу, даму тарихында сол халықтың зиялы қауымы шешуші рөл атқарса, ал бүкіл бір мемлекеттің дамуында этностардың өзара байланысының мәні зор. Әр этностың өзіне тән материалдық мәдени байлықтары және олардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Археологтар тапқан мәдени қазба ескерткіштер көмегімен этностар мәдениетінің гүлденуін немесе құлдырауын анық аңғаруға болады.

Этнологиялық, этнографиялық тұрғыда қарастырылған зерттеулерге сүйене отырып, этностар мәдениеті жөнінде бүгінгі ұрпаққа тәлім-тәрбие беруге болады. Сондай зерттеу қорытындылары арқылы әр ұлттың мәдениетіндегі, салт-дәстүріндегі ерекшеліктерді айқын байқау қиын емес.

Ал ұлт мәдениеті арқылы келер ұрпақты жан-жақты дамыту мен тәрбиелеу ісі этнопедагогика ғылымының негізгі мақсаты.

Халықтық педагогика - тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы.

Этнопедагогика - халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы.

Г.Волков, К.Қожахметовалардың басқаруымен жарық көрген «Қазақстан халқының этнопедагогикасы» авторлар ұжымы еңбегінде «Біз этнопедагогиканы педагогикалық ғылымдардың құрамдас бөлігі ретінде қарастырамыз. Ол этнография, этнофилософия, этносалық мәдениет және этнопсихология ғылымдарының тоғысында қалыптасқан педагогика ғылымының бір саласы. Этнопедагогиканың зерттеу пәні отбасы өмірінде және білім беру мекемелеріндегі үздіксіз іске асатын этникалық, тәрбие жүйесі болып табылады» деп көрсетеді.

Сонымен қатар ғалымдар «этникалық» деген ұғымды айтқанда оқыту мен тәрбие саласындағы этникалық сананы, ұлттың психикалық ерекшелігін, мәдениеті, тілі мен дәстүріндегі өзіндік өзгешеліктерді есепке алу деп түсіндіреді. Демек, қазақ этнопедагогикасы ғылым саласында қазақ этносының тарихи даму сатысында оның наным-сенім, мәдениет, тілі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі әсерінен қалыптасқан, қазақтың этникалық тәрбие ерекшеліктерін зерттеу деп түсінуіміз керек. Осындай байланыс тұрғысында білім беру үрдісі күрделі тарихи және этнопедагогикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Ол тарихи, әлеуметтік, психологиялық, этномәдениеттік құбылыстар бірлігі,

оқушы тұлғасының қалыптасуын өз этнос және өзіндік ұлттық ерекшеліктері негізінде әлемді қабылдауы болып табылады.

Этнопедагогика ұғымына тұңғыш рет дәйекті, ғылыми анықтама берген ғалым Г.Волков «Халық педагогикасы - халықтың ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы», «Халық педагогикасы - халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-кұралдардың, тәсілдердің жиынтығымен өзара байланысы» дейді.

Этикалық сөздікте «Әдет-ғұрып дегеніміз - белгілі бір қоғамда немесе ұжымда белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық орта. Ол әлеуметтік өмірдің әр түрлілігіне және күрделілігіне қарамастан, белгілі ұқсастық жағдайда адамдардың біркелкі әрекет етуін қалайды. Яғни бір қоғам ішіндегі адамдардың еңбек ету тәсілдері мен әдістерінің жалпыға ортақ болуын, олардың саяси-қоғамдық іс-әрекетінің және күнделікті тұрмыстағы қарым-қатынасында немесе көзқарасында бірыңғайлық әрекеттің болуын талап етеді. Осының бәрі әдет-ғұрыптың, салттың жиынтық көрінісі болып табылады.

Қорыта айтарымыз, қазақтың ағартушы-педагогтарының еңбектері ұлттық сана-сезімді, ұлттық намысты, тарихи сананы тілді дамытуда алатын орны мен маңызы ерекше. Олар бүкіл қазақ халқына ұлттық тәрбие беру, ол үшін қазақтың ұлттық мектебін жасау, ол мектептегі ұлттық тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері мен құралдары және нәтижесін негіздеді. Сол арқылы олар XX ғасырдың басында қазақ халқының болашағын ойлап, оның мектебінің ұлттық болуы, қазақ тілінің тазалығын, мектептегі білім мазмұнының қазақ халқының ұлттық мәнімен, оның ұлттық рухымен бірлікте болуын дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілова З., Қалиев С.Қ. Этнопедагогика оқулығы. – Алматы: Қаз.Х.Қ. және ӘТУ, 1999.